МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№10 «АҚБОТА» БӨБЕКЖАЙЫ» ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ОПЕРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ «ЯСЛИ-САД №10 «АҚБОТА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО МУНАЙЛИНСКОМУ РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130006
Мұнайлы ауданы, Дәулет ауылдық округі, Дәулет ауылы,
Жаңа Дәулет тұрғын үй алабы, құрылыс 125/4,
телефон: 34-99-59

Республика Казахстан, Мангистауская область, 130006
Мунайлинский район, сельский округ Даулет, село Даулет,
жилой массив Жана Даулет, строение 125/4
телефон: 34-99-59

05.02.2026 № 03-02-19

Кімге: Жуматов И.Т. жеке кәсіпкеріне
Кімнен: Конкурстық комиссия төрағасы
ГКҚП ПОУ «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы

ШАҒЫМҒА ЖАУАП

Құрметті Жуматов И.Т.!

Сіздің конкурс нәтижелерімен, атап айтқанда ИП «Даулет», ИП «Бастау», ИП «BEKONS» қатысушыларына жұмыс тәжірибесі үшін балл есептеу бөлігінде келіспеуіңізге байланысты жолдаған шағымыңыз конкурстық комиссиямен қаралды.

Конкурстық құжаттама мен қатысушылардың өтінімдеріне қайта тексеру жүргізу барысында конкурсқа қатысушылардың баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды (жұмыс тәжірибесі үшін берілетін баллдарды) есептеу кезінде келесі мән-жайлар анықталды.

Негіздеме:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына 8-қосымшаға сәйкес «жұмыс тәжірибесі» өлшемшарты әлеуетті жеткізуші конкурс нысанасы болып табылатын тауарлар нарығында, конкурс өткізілетін тиісті өңірде (облыста, республикалық маңызы бар қалада) расталған тәжірибесі болған жағдайда ғана ескеріледі.

Алғашқы қарау барысында «Даулет» жеке кәсіпкері мен «Тилегенова Р.Т.» жеке кәсіпкері бір тұлға болып табылатыны анықталды. Комиссияға жеке кәсіпкер атауының өзгергені туралы жазбаша хабарлама ұсынылды.

«Bastau» жеке кәсіпкері бойынша шағым негізді деп танылды. 2021 жылға арналған шарттың 1-қосымшасында көрсетілген баға қаңтар және сәуір айларындағы тауарды қабылдау-тапсыру актілерінде көрсетілген бағаларға сәйкес келмейтіні анықталды.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 14.07.2023 ж. № 4 (150840001829/230002/01) және 23.08.2023 ж. № 10 (150840001829/230002/02) тауарды қабылдау-тапсыру актілерінде 2023 жылға арналған қосымша келісім көрсетілмеген.Осыған қарамастан, аталған мекеме бойынша 7 жылдық еңбек өтілі расталып, оның 2 жылы есептен шығарылғанымен, бұрын есептелген балл саны өзгеріссіз қалды.

«BEKONS» жеке кәсіпкері бойынша ИП «BEKONS» тың шағымға қарсы жүгінуіне және оның тарапынан барлық мәлімделген мән-жайлар бойынша растайтын құжаттардың ұсынылуына байланысты түсіндірме жауап берілді.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына 8-қосымшаға сәйкес жеткізуші 2019, 2021, 2022, 2023, 2024 және 2025 жылдар аралығындағы еңбек өтілін растайтын құжаттарды ұсынды деп есептейміз.
Осыған байланысты бұрын есептелген балл саны өзгеріссіз қалады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде комиссия келесідей шешім қабылдады:

ИП «Жуматов И.Т.»-ның «BEKONS» ЖШС және «Даулет» жеке кәсіпкері бойынша берілген шағымы негізсіз деп танылып, қанағаттандырудан бас тартылсын.

Комиссия төрағасы: Шангреева А.Ж.